

ПАРАҚОРЛЫҚТЫҢ ЕМІ – ПАРАСАТТЫЛЫҚ

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің төрағасы А.Шпекбаев «Парақорлықтың емі - парасаттылық» деп ой қорытты. Шынында, осы әлеуметтік дерттің дауасы – «парасатты тұлға» қалыптастыруда сияқты.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті бүгінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасын алғашқылардың бірі болып қолдап, парасаттылыққа бет бұрған. Сол себепті, еліміздегі ЖОО арасында ең алғаш «Парасат» басқармасы 2019 жылдың 6-қарашасында осы университетте ашылды.

Осылайша, ұжымдағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оған талдау жасау, парасаттылық құндылықтарын насихаттау және академиялық адалдық талаптарының сақталуын қамтамасыз ету университеттің «Парасат» басқармасы арқылы жүзеге асуда. «Парасат» басқармасы – сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті үйлестіруші ғана емес, бақылаушы құзіретке ие құрылымдық буын.

Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл 4 бағытта жүргізіледі. Атап айтқанда, университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын нормативтік-құ-

қықтық тұрғыда жетілдіру, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті ұйымдастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру және бұқаралық ақпарат құралдары, мемлекеттік органдармен байланыс орнату.

Ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты нормативтік-құқықтық тұрғыда жетілдіру бағыты бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт, әдеп кодексі қабылданып, академиялық адалдық ережесі толықтырылды.

«Шымкент – адалдық алаңы» жобалық кеңсесі мен университет арасында жасалған меморандум негізінде қашықтан оқыту барысындағы ашықтық, адалдық пен тазалық қамтамасыз етілуде.

Ашықтық пен айқындықты қамтамасыз етуде ректор блогы үздіксіз жұмыс істеуде және әрбір білім алушы онда өз үндеуін жолдай алады. «Сенім телефоны» мен «Сенім жәшігі» де іске қосылған. «Парасат» бас-

қармасы «Сенім телефонын» қашықтан оқу режиміне байланысты ұялы байланысқа ауыстырды. Соған сәйкес қазір басқарма әлеуметтік желі парақшалары мен «Сенім телефоны» арқылы азаматтармен кері байланыс жасап отыр.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі Қоғамдық кеңес пен «Парасат» басқармасы «Шымкент-Адалдық алаңы» жобалық кеңсесімен бірге 2019-2020 оқу жылында дипломдық жұмыстар, магистрлік және докторлық диссертацияларды қорғау бойынша Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы жұмысының ашықтығы мен қорғау барысындағы академиялық адалдық талаптарының сақталуын тұрақты бақылауға алды.

«Smart Square» студенттерге қызмет көрсету орталығы «Бір терезе» қағида-сы бойынша білім алушыларға 50-ден астам қызмет түрін ұсынады. Сонымен бір-

ге Call-орталығы үздіксіз жұмыс істеуде.

Университетте «Парасаттылық дәрістері» тұрақты түрде өткізіледі. Ашық форматтағы тікелей сұхбаттар жиі ұйымдастырылады, кері байланыс арналары іске қосылуы, құзіретті органдар тарапынан бақылауда бар.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы Заңына енгізілген соңғы өзгерістер сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыс субъектілерінің шеңберін кеңейтті. Квазимемлекеттік сектор субъектілерін қамтитын жаңа нормаларды ұжымға түсіндіру, насихаттауда қыркүйек-қазан айларында 50-ден астам кездесу өткізілді.

Университеттің ендігі мақсаты – «Академиялық адалдық лигасына» қосылу. Басты мәселе, ашықтықты көрсететін шешімдерді талқыға салып, алқалы органдар арқылы қабылдау. Бұл бағытта университет жанында 25-ке жуық алқалы орган тұрақты жұмыс істеуде, сол арқылы оқу ордасының жемқорлыққа қарсы іс-қимылының маңыздылығы арта түсуде.

**Гүлбахыт ДУЛАТОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
«Парасат» басқармасының
басшысы**